

Әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Заң факультеті
Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика
кафедрасы

Криминалистикадан практикум пәнінің
СИЛЛАБУСЫ

4 курс, қ.б, 7- семестр, күзгі, кредит саны -3

БЕКІТІЛГЕН

Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісінде
№ ____ хаттама «__» _____ 2012ж.
Факультеттің деканы з.ғ.д., профессор
_____ Байдельдинов Д.Л.
«__ 20__» _____ 06 _____ 2012 ж.

Лабораториялық сағат жүргізушінің аты-жөні: Даубасова Сулушаш
Шинжрхановна
Телефон: 8 701 713 13 56
e-mail: sulushash_79@mail.ru
каб. 412

Пререквизиттер: құқық қорғау органдары, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, криминалистика, сот сатартамасы жедел іздестіру қызметі

Постреквизиттер: Криминалистикадан тәжірибелік сабақ пәнін оқып-үйрену қылмыстың салдары бойынша қылмыскердің жеке басы мен әрекет ету сипатын анықтауға, криминалистикалық ақпараттарды дұрыс пайдалана білуге

«Криминалистикадан практикум» пәннің жүргізу мақсаты. Криминалистика сабағынан алынған білімдерді нақты тергеу ситуациясына қатысты қолдануға үйрету. Берілген фабула бойынша студенттер қылмыстық іс қозғау кезеңінен айыптау қорытындысына дейін өзгеріп отыратын тергеу ситуациясын дұрыс бағалауға үйрету. Қылмыстық іс бойынша болжауларды жылжыту, тергеуді жоспарлауды, тергеу әрекеттерін жүргізуде тактикалық тәсілдерді тиімді пайдалануға үйретуге бағытталған. Сабақ барысында жүргізілген тергеу әрекеттерінің нәтижелерін, қылмыстық іс материалдарын толық, процессуалды жағынан дұрыс бекітуді үйрету қамтылады. Криминалистикадан тәжірибелік сабақ пәнін оқып-үйрену қылмыстың салдары бойынша қылмыскердің жеке басы мен әрекет ету сипатын анықтауға, криминалистикалық ақпараттарды дұрыс пайдалана білуге, сондай-ақ, криминалистік әдіс-тәсілдерді білуге қылмыстың ізін суытпай ашып, оны дұрыс тіркеп, жекелеген заттай дәлелдемелерді тиімді түрде

зерттеуге бағытталған. Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу жөніндегі тактикалық әдістер мен әдістемелік ұсыныстарды игеру қылмыстың дер кезінде ашылып, тергеу сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды

Осы пәнді оқып үйрену нәтижесінде студент білуі тиіс:

- 1) болашақ халықаралық заңгерлердің кәсіби: ойлау жүйесін құру (жасау) және кәсіби құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- 2) нормативтік құқықтық актілерді заң тұрғысынан дұрыс пайымдау, қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- 3) студенттер криминалистика пәнінен алынған білімдерін тәжірибеде, яғни қылмыстық істі тергеу мен ашу барысында дұрыс, орынды, тиімді қолдана білуге үйрету;
- 4) фабула бойынша қылмыстық істі қозғаудан бастан айыптау қорытындысына дейін тергеуші ретінде тергеу жүргізуге үйрету;
- 5) іс бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттерінің тактикалық әдіс-тәсілдеріне қатысты ұсыныстарды тиімді, орынды қолдануға, процессуалдық жағынан ережелердің жүзеге асыру негіздерін оқып үйрену;
- 6) қылмыстық істің материалдарын, тергеу әрекеттерінің нәтижелерін дұрыс бекітілуін меңгеруіп оқу.

жасай білуі тиіс:

- танымның ғылыми әдістерін пайдалануды;
- фабула бойынша қылмыстық істі қозғаудан бастан айыптау қорытындысына дейін тергеуші ретінде тергеу хаттамаларын толтыра білуге;

Курстың құрылымы:

№	Тақырыптардың атауы	Апта бойынша бөлу					
		лекция		Лабораториялық сабақтар		СӨЖ	
		апта	сағ. саны	апта	сағ. саны	апта	сағ. саны
1	Қылмыстық іс қозғау	-	-	1 апта	6	-	-
2	Оқиға болған жерді қарау тергеу әрекеті	-	-	2, 3 апта	12	-	-
3	Жедел-іздіктер әрекеттері	-	-	4 апта	6	4 апта	-
4	Сараптама тағайындау	-	-	5,6 апта	12	6 апта	-
5	Жауап алу тергеу	-	-	7,8 апта	12	-	-

	әрекеті						
6	Беттестіру	-	-	9 апта	6	9 апта	-
7	Тінту және алу тергеу әрекеттері	-	-	10 апта	6	-	-
8	Тергеу эксперименті	-	-	11 апта	6	-	-
9	Көрсетпені оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау	-	-	12 апта	6	12 апта	-
10	Сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді алу	-	-	13 апта	6	-	-
11	Айып тағу	-	-	14 апта	6	14 апта	-
12	Айыптау қорытындысы	-	-	15 апта	6	-	-
	Барлығы	-	-		90		-

7. Пәнді оқу-методикалық қамтамасыз ету.

7. Ұсынылатын әдебиеттердің тізімі.

А) Нормативтік әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл (өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы 24 тамыз 2010 жыл // Егеменді Қазақстан
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Кодексі (өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі (өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
5. ҚР ЖІҚ туралы заңы 15 қыркүйек 1995 ж (өзгертулер мен толықтыуларды қоса)

Б) Арнайы әдебиеттер:

1. Гинзбург А.Я., Даубасова С.Ш. Основы оперативно-розыскной деятельность: Закон; теория; практика; комментарий. «Юрист», Алматы - 2010 130 С. Приложение: Закон РК «Об ОРД» на государственном и русском языках.

2. Комментарий к закону РК «об оперативно-розыскной деятельности» под общ. Ред. И.Д. Меркель., Н.Н. Турецкого., Алматы ТОО «Издательство» Норма-К, 2010-144 с.
3. Обобщение судебной практики. Применение некоторых норм уголовнопроцессуального кодекса РК об обеспечении прав и свобод граждан в уголовном процессе. Бюллетень Верховного Суда РК. – 2010. № 4. с 50-82
4. Бычкова С.Ф., Бычкова Е.С., Калимова А.С. Сот экспертологиясы. Лекциялар курсы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. - 368 бет
5. Әлмағанбетов П. Қылмыстық іс жүргізуде сот сараптамасын тағайындау. Практикалық оқу құралы. Алматы: Жеті жарғы, 2004 – 80 бет
6. Нұрмашев Ү., Нұрмашева Ф Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2009. – 400 бет
7. Е.Ерешов Қылмыстық іс жүргізу. Жалпы Бөлім: Оқулық. Алматы: «Өлке» баспасы, 2006. 216 бет
8. Нұрмашев Ү.Ө. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 368 бет
9. Қылмыстық іс жүргіземін десең... (қылмыстық іс жүргізу пәні бойынша тәжірбие сабақтарына арналған тапсырмалар мен құжат үлгілерінің жинағы): Оқу құралы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2004. – 72 бет
10. Мұхамеджанұлы Н., Байбатыров С. Қылмыстық істер бойынша сот құжаттары үлгілерінің жинағы: Оқу-практикалық құралы. Алматы. Жеті жарғы, 2005. – 800 бет
11. Тергеу әрекетінің тактикасы. Еркенов С.Е., Сұлтанов С.И. – Алматы Данекер 2002. – 227 бет
12. Поврезнюк Г.И. Судебная экспертиза. Подготовка и назначение в уголовном и гражданском процессах: Практическое пособие. – Алматы, 1999. – 208 с.
13. Шакиров К.Н. Судебная экспертиза Алматы 1998. – 49 с.
14. Вареникова С.П. Применение специальных знаний в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан. Учебное пособие. – Алматы. Издательство «NAS», 2004.–208 с.
15. Оразалиев М. Тергеушіге арналған анықтамалық кітап: Оқу-тәжірбиелік құрал / Оразалиев М., Еркінұлы С., Есболаев Ғ. – Алматы: Жеті жарғы, 2009. – 336 бет
16. Приходько К. И. Когда перед следователем несовершеннолетний.-М.: Юрид. Лит. 1979.-64с.
17. Оспанов С. Д. Взаимодействие следователя с органами дознания: Учебное пособие- Караганда: ВШ МВД Республики Казахстан, 1992. С.49.
18. Шопабаев Б. А., Котенко А.Н. Идентификационные и диагностические исследования в судебно-технической экспертизе документов: Учебно-практическое пособие – Алматы: ЮРИСТ, 2003. – 93 с.

- 19.Шакенов А.О. Суық қарудың криминалистикалық зерттеуі: Оқулық құралы. – Астана: «Фолиант», 2001. – 96 с.
- 20.Гусаков А. Н., Филющенко А.А. Следственная тактика: (в вопросах и ответах) : Учеб. пособие. – Свердловск: Изд-во Урал. ун-та, 1991. – 148 с.
- 21.Гинзбург А.Я., Когамов М. Ч. Основы тактики опроса граждан в оперативно-розыскной и уголовно-процессуальной деятельности по законодательству Республики Казахстан: Учебно-практическое пособие.- Астана, 2005. 40 с.
- 22.Гинзбург А. Я., Поврезнок Г. И., Оганов Н. И., Криминалистика: рекомендации к раскрытию преступлений. Учебно-практическое пособие.- Алматы: Жеті жарғы-практическое пособие.- Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 352 с.
- 23.Заттар мен материалдардың криминалистік сараптамасы. Оқу әдістемесі. Р. Б. Тапалова., Г. Х. Найманова. Алматы: Дәнекер, 2002. – 66 бет.
- 24.Гинзбург А. Я., Поврезнок Г. И., Калинин А. В. Справочник следователя. – Алматы; ТОО «Аян Эдет», 1998 г., 400 с.
- 25.Криминалистика: Оқулық Е.Ф. Жәкішев., Ә.А. Исаев., Г.Х. Найманова., Р.Б. Тапалова., Н.С. Темірболат. –Алматы: Қазақ университеті, 2005.- 396 бет.
- 26.Сүлейменова Г.Ж. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесі. Жобалар альбомы заң ғылымдарының докторы Т.Қ. Айтмұхамбетовтың редакциялық жетекшілігімен.- Алматы: 2007.- 206 бет.
- 27.Жәкішев Е. Криминалистикалық тактика: Оқу құралы. –Алматы: «Жеті жарғы», 1997.-92 бет.
- 28.Тілеубергенов Е.М., Тергеуші мен маман криминалистің оқиға болған жерді зерттеуі: Оқу құралы.- Алматы: «Дәнекер». 2004.-40 бет.
- 29.Бычкова С.Ф., Гинзбург А.Я. Следственные действия. Краткий комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. Учебно-практическое пособие.- г.Алматы, ТОО «Аян Эдет», 1998., 100 с.
- 30.Салаев Б., Әмитов Ш., Сатыбалдинов М., Айдаркулов Ә.С. Криминалистикалық техника тарауы бойынша қысқаша дәрістер жинағы: Әдістемелік оқу құралы. – Алматы: «Жеті жарғы», 2005.-144 бет.
- 31.Қазақша-орысша, орысша-қазақша қысқаша криминалистикалық сөздік. –Алматы; Дәнекер, 2004-74 бет.
- 32.Коршунов В.М. Следы на месте происшествия. Обнаружение, фиксация, изъятие. В.М. Коршунов. – М.: Экзамен, 2001. – 288 с.
- 33.Проверка показаний на месте с использование звука-и видеозаписи (учебномето – дическое пособие). М., 1994. 35 с.
- 34.Поврезнок Г.И., Поврезнок Л.Л., Дильбарханова Ж.Р. Медико-

- криминалистический справочник. Учебно-практическое пособие. – Алматы: «Аян Эдет», 1999, 154 с.
35. Шакиров К.Н. Судевная экспертиза: Учебно-практическое пособие в схемах. Алматы: ВШП «Әділет», 1998.-48 с.
36. Алауханов Е.О., Умбеталиев С.С. Сборник образцов уголовно-процессуальных документов предварительного следствия Республики Казахстан. – Усть-Каменогорск: Издательство ВКГУ, 2000.- ISBN 9665-502-12-9.
37. Тілеубергенов Е. Криминалистикалық сараптамаларда шешілетін сұрақтар. Оқу құралы. – Алматы. Дәнекер, 2003 ж, 123 бет.
38. Криминалистика негіздері: Жоғары және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарына арналған оқулық. А.Я. Гинзбург, Н.И. Оганов, Г.И. Поврезнюк, т.б. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 272 бет, суретті.
39. Молдабаев С. Сот құжатты: Теория және тәжірибе: Оқу практикалық құрал. Судевные документы: теория и практика. – Алматы: Жеті жарғы, 2006.- 352 бет.
40. Нурғалиев Б.М., Шәкенов А.О. Криминалистика: Оқулық құрал. – Қарағанды: заң институты, 2000.-90 б.
41. Е.М. Тілеубергенов. Криминалистикалық әдістеме. Оқу құралы. Алматы. «Дәнекер», 2003-100 бет.
42. Ж.Г. Жандыкеева, Р.У. Уразбаева. Сот іс қағаздарын жүргізу. Жалпы білім беретін мектептер, колледждерге және жоғары оқу орындарының студенттері мен мұғалімдеріне арналған. – Алматы: «Полиграфия-сервис К», 2011.- 233 бет.
43. Абуов А.Ғ. Криминалистика негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2004.- 256 бет.
44. Судебно-трасологическая экспертиза. Вып. 1. Л.В. Дронова., В.Ф. Мамонова., Л.Б. Петричек. Москва – 1972.
45. Исаев А.А. Тросологическая экспертиза механических повреждений одежды: Методическая разработка по спецкурсу «Организация и производство судебной экспертизы». 19991 г.
46. А.А. Леви., А.И. Михайлов. Обыск. Справочник следователя. Москва «Юридическая литература», 1983 г.
47. Бурков И.В., Мурзинов А.В. Заключение эксперта как вид доказательств. 2001 г.
48. С.Б. Булекбаев., Р.С. Джусупова. Методическая разработка по теме: Доказательство и опровержение. Алматы – 1996 г.
49. Практикум по криминалистике Под ред. проф. Н.П. Яблокова. – М.: Издательство БЕК, 1995. – 503 с.
50. А.А. Гусев., Т.В. Устьянцева., Т.И. Сафроненко., Д.П. Поташник. Судебно-техническая экспертиза документов (учебно-методическое пособие) Вып. 1. Москва – 1972 г.
51. Г.А. Зорин., О.В. Танкевич. Понятие и основные признаки транснациональной преступности. – Гродно: Издательство

Гродненского филиала «Негосударственного института современных знаний», 1997.- 56 с.

52. Фотографические и физические методы исследования вещественных доказательств. Пособие для экспертов, работников органов дознания, прокуратуры и суда. Государственное издательство Юридической литературы Москва – 1962 г.

53. Алауханов Е.О. Пайдақорлық-зорлық қылмыстардың алдын алудың криминологиялық проблемалары. Монография. - Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2005.-304 бет.

54. Белкин Р.С. Курс криминалистики. В 3т. Т. 2: частные криминалистическое теории. – Москва. Юристь. 1977. с 289-344.

Білімді бақылау нысандары:

СӨЖ: семестрде 5 тапсырма

Аяққы емтихан: емтихандық сессия кезеңінде.

Жеке тапсырмалар:

СӨЖ дайындалу үшін материалдарды зерделеу кестесі

№	Тақырыптардың атауы және СӨЖ тапсырмаларының мазмұны	тапсыру мерзімі	бақылау нысаны және баллдар
1	<p>Қылмыстық іс қозғау Кіріспе Алматы қаласы Бостандық ауданының ІІ органының кезекші бөліміне Тимирязев көшесі, 26 үй, 411 пәтерде белгісіз тұлғаның мәйіті табылғандығы туралы ақпарат түсті. Мәйіт «Базис» құрылыс компаниясының жұмысшысы болып істейтін Ибраев Ескендірдің пәтерінен табылған. Ибраев түңгі ауысымнан үйіне қайтып, бейтаныс адамның мәйітін тапқан. Жәбірленуші кім, оны кім өлтірген, мәйіттің қалай оның пәтерінде жатқанын Ибраев түсіндіре алмады.</p> <p>Тапсырма. Қандай әрекеттер жүргізіледі. Қылмыс қозғаудың негіздері. Бастапқы тергеу әрекеті. Болжаулар. Оқиға болған жерді қарау. Топ мүшелері. Техника-криминалистикалық құрал-жабдықтар. Сұрау жүргізу: Ибраев, көршілері-Рахимова Зайда Хасановна (1-қабат тұрғыны) .</p>	4 апта	жазбаша 5 балл
2	<p>Оқиға болған жерді қарау тергеу әрекеті 1-кезең. Оқиға болған жерді қарау тергеу әрекетін жүргізу. Қарау әрекетіне дайындық,</p>	6 апта	жазбаша 4 балл

оқиға болған жердің жоспары, оның нәтижелерін бекіту: хаттама. Қарау нәтижесінде: асфиксия іздері бар мәйіт табылды. Мәйіттің мойнында ақ түсті қалың жіп, қалтасынан «2461811» жазулары бар қағаз, сыртқы қабатында қол саусақ іздері бар бос шөлмектер және т.б.

Ибраев пен Рахимовадан сұрау жүргізу. Ибраевтан сұрау келесі мәселе бойынша жүргізіледі: Ибраевтің жұмыс орны, жан-ұясы жағдайы, пәтерінде табылған мәйітті таниды ма, ол қайдан пайда болды, кімді қылмыскер деп күдіктенеді және т.б. Рахимовадан сұрау: Ибраев туралы сипаттама мәліметтерін алу, Ибраевтің үйінде мәйіттің табылуына қатысты не айта алады.

Ескендір Ибраевтің түсініктемесі: таңғы сағат 8.00-де түңгі кезекшілік жұмысынан шығып, жолда дүкенге соқтым. Дүкеннен шығып, үйіме келсем, есіктің ашық тұрғанын көрдім. Үйге кіріп, бөлменің дәл ортасында жеке басы анықталмаған мәйіт көрдім, мәйіттің мойнында ақ түсті жіпті байқадым. Тез арада полиция қызметкерлеріне хабарладым. Менімен бірге үйде апамның баласы Мұқаш тұрады. Тараз қаласынан келгегіне 2 аптадай болып қалды. Мұқаш туған апамның баласы, тығыз араласпаймыз. Тараз қаласында Садовая көшесі 8 үйде тұрады. Мұқаш үш жыл бұрын төбелесіп кісі өлімі үшін сотталған шымкент қаласында бас бостандығынан айыру орынында отырып келген. Үйіндегілер қабылдамаған соң, маған келіп көмек сұрап еді.

Мен «Базис» корпорациясында жұмысшы бригадир болып жұмыс істеп жүрмін. Таңертең жұмыстан келіп бос ішілген шөлмектерді жиі көріп тұрамын. Мұқашқа талай ескерту жасадым. Мұқаш осы Алматыдағы достары келіп, аздап ішкендерін айтып, кешірім сұрап, енді қайталанбайды деп уәде беретін. Мұқашқа жұмыс әлі табыла қоймады. Мен тауып берген жұмыстардың ақысы аз деп шықпады. Мұқашты соңғы рет кеше жұмыс

	<p>алдында көрдім, қазір қайда екенін білмеймін. Сонымен қатар, үйімнен 400000 мың көлемінде ақша қаражаты ұрланған.</p> <p>Зайда Хасановна Рахимованың түсініктемесі: Мен Ибраев пәтерінің астыңғы қабатында тұрамын. Ибраев менің білуім бойынша ашық мінезді, кеңбекқор, адал адам. Осыдан үш жыл бұрын зайыбы қайтыс болған, одан кейін үйленген жоқ. Үйінде інісі тұрады. Ол менінше жұмыс істемейді. Тараз қаласынан шамамен 10-12 күн бұрын келді. Аты Мұқаш. Ескендір жұмысқа кетісімен Мұқаш достарын шақырып алып арақ ішімдіктерін ішеді. Түні бойы тыныштығымызды алады. Бір күні көтеріліп шуламауларын сұрадым. Мұқаш қасындағы досымен сыпайы сөйлесіп кешірім сұрап тез арадатынышталды. Қасындағы досы жасы 20-25 шамасында цыганға ұқсайды. Бүгін таңертең Ибраевтің үйінен Мұқаш пен цыганға ұқсайтын жігіт екеуінің жүгіріп баспалдақпен түсіп бара жатқанын көрдім. Екеуі де қобалжып тұрғандай болды.</p> <p>Тапсырма: Оқиға болған жерді қарау хаттамасын талқылау. Қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдап, қаулы шығару.</p>		
3	<p>Жедел-ізвестіру әрекеттері</p> <p>2-кезең. Студенттер тергеу жоспарын жазбаша түрде құрастырады. Жоспарда жылжытылатын болжаулар, жүргізілетін тергеу және жедел-ізвестіру әрекеттері, оның орындаушысы, мерзімі көрсетіледі. Болжаулар: 1. Кісі өлтіру қылмысын Атанов Мұқаш (цыганға ұқсайтын танысымен бірігіп) жасаған; 2. Жеке басы анықталмаған тұлғаны Ибраев Ескендір өлтірді; 3. Белгісіз тұлғалар адам өлтіріп, Ибраевтің үйінен ақша ұрлаған.</p> <p>Тергеу барысында келесі мәселелер анықталуы қажет: 1. оқиға болған жерді қарау кезінде табылған қағаз бетіндегі телефон нөмері кімнің атында, қылмысқа қатысы бар мәліметтерді телефон пайдаланушыларынан сұрастырып анықтау; 2. Жәбірленушіні дактилоскопиялық тіркеу арқылы тексеру; 3. Атанов Мұқашқа қатысты мәліметтер жинау:</p>	-	-

	<p>тіркеу арқылы соттылығын тексеру; 4. Цыганға ұқсас тұлғанын тіркеу арқылы, фоторобот жасап іздестіру; 5. Ибраев Ескендірді тіркеу арқылы тексеру, сипаттама ақпарат жинау, жұмыс орнынан мінездеме алу; 6. Қылмыскерлерді ұстау жөнінде жедел-іздестіру қызметін жүргізу.</p> <p>Сот-медициналық сараптама тағайындау туралы қаулы.</p> <p>Тапсырма: Ибраевтан, Рахимовадан жауап алу хаттамасын талқылау. Тергеу жоспарын және сот-медициналық сараптама тағайындау туралы қаулыны тексеру.</p>		
4	<p>Сараптама тағайындау</p> <p>3-кезең. 1. Тергеу барысында 2461811 телефоны «Меркур инжиниринг» корпорациясының кадр бөлімінің бастығы Есенгельдин Абиш Карабаевичтің телефоны болып шықты; 2. Атанов Мұқаш туралы келіп түскен мәліметтер: 1983 жылы туылған, тұрғылықты жері – Тараз қаласы, Садовая 8, кісі өлімі үшін 3 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылған, жазасын Шымкент қаласында өтеген; 3. Қылмысқа сезікті өзге тұлғалар табылған жоқ; 4. Атановтың әкешесі Тараз қаласында тұрады, Мұқашты Алматыға кеткелі көрген жоқ; 5. Ибраевты тек қана жағымды жағынан сипатады; 6. Сот-медициналық сараптаманың қорытындысы бойынша: жеке басы анықталынбаған мәйіттің өлімі асфиксия нәтижесінде пайда болды. Мәйіттің денесінде – қабырғасында және сол жақ кеудесінде қанталаған іздер бар.</p> <p>Тапсырма: Есенгельдиннен жауап алуға дайындық (1976 жылғы, Семей қаласынан, білімі жоғары, соттылығы жоқ). Есенгельдиннің қызмет міндеттері қандай, қандай сұрақтар бойынша адамдар жолығады, қанша адам келіп-кетеді, ол жұмыс бабымен келетін тұлғаларды есіне сақтайды ма және т.б. Есенгельдиннің жауабы: жұмыс бабымен әртүрлі адамдар жолығады. Көбісі жұмысқа орналасу мәселесімен. Бірі жұмысқа кіріп, бірі шығып жатады. Мәйітті көрсетсеңіздер мен</p>	6 апта	жазбаша 3 балл

	<p>тануым қажет. Көзінде ақ таңбасы бар ер адам келіп, резюмесін тастап кеткен. Бірақ телефонымды біреудің жазып алып жатқанын көрген жоқпын.</p> <p>Есенгельдинге жеке басы анықталынбаған мәйітті тану үшін көрсету. Есенгельдин мәйітті танып, сыртқы белгілерін сипаттап береді. Жұмысында ақпараттар базасында резюмелердің жинағы бар, соның ішінде осы тұлғаның аты-жөні, тұрғылықты жері және өзге мәліметтері бар резюмесі алынады. Мәйіт – Орынбасаров Әділбек, 1980 жылғы, мекен-жайы – Алматы қаласы, Суворовская, 61, мамандығы – слесарь, криминалистикалық тіркеу бойынша кісі өлтіру ҚР ҚІЖК-нің 96-бабы бойынша 5 жылға сотталғаны анықталды.</p>		
5	<p>Жауап алу тергеу әрекеті</p> <p>4-кезең. Тергеу жоспарын келесі әрекеттермен толықтыру: 1. Орынбасаров Әділбектің жеке басы туралы мәліметтер жинау, сұрау жіберу. 2. Суворовская көшесіндегі 61 үй кімнің атында, кім тұратынын анықтау. 3. Оқиға болған жерді қарау кезінде табылған іздерді Ибраев пен Орынбасаровтың қол саусақтарының іздерімен идентификациялау мақсатымен дактилоскопиялық сараптамаға жіберу.</p> <p>Тапсырма: Дактилоскопиялық сараптама тағайындау туралы қаулыны толтыру, оны талқылау. Суворовская көшесіндегі 61 үйде Досова Рабиға тұратыны анықталды. Досова үйін Орынбасаровқа жалға берген. Досова Рабиғадан жауап алуға дайындық. Жеке басын анықтау, оны жауап алуға шақыруды ұйымдастыру. Көршілерінен жедел-іздістіру қызметкерлері сипаттама ақпарат жинастырды. Досова Рабиға еңбекқор, жұмыста беделді қызметкер екені анықталды.</p>	-	-
6	<p>Беттестіру</p> <p>5-кезең. Досова Рабиға Ахметовнадан жауап алу. Жауап алу кезінде Досованың өмір сүру жағдайын, жұмыс орнын, үйін жалға кімге беретінін, Орынбасаровты таниды ма, үйінде</p>	9 апта	жазбаша 5 балл

тұрды ма, қалай танысқан, кім арқылы келген, қашаннан бері тұрады, Орынбасаров туралы қандай мәлімет біледі, кім келген, кіммен араласады, соңғы рет қашан көрді және т.б. сұрақтар қойылады. Досованың жауабы: Мен «Әдем» сауда үйінде әйелдер киімін сататын бутикте жұмыс істеймін. Өзім қазір тұрып жүрген Суворовская көшесіндегі үй бұрын әкешемнің атында болған еді, олар қайтыс болғаннан кейін ол үй маған қалды. Күйеуіммен ажырасқаннан кейін ол басқа әйелге үйленіп, Өскеменге көшіп кетті. Мен осы үйде екі жыл жалғыз тұрамын. Сондықтан үйімнің 1 бөлмесін жалға беремін. Орынбасаров Әлібайды Атанов Мұқаш алып келді. Атанов Мұқашпен екеуіміз Тараз қаласында танысқанбыз. Менің апам Мұқаштың көршісі болатын. 10 күн бұрын Атанов Мұқашты Алматы қаласында кездестіріп қалдым. Мұқаш ағасының үйінде тұрып жатырмын, жұмыс істеп жүрмін деді. Қай жерде жұмыс істеп жүргенін айтпады. Мен адресімді беріп, келіп тұр деп үйге шақырдым. 2 күннен кейін Мұқаш Әлібайда ертіп келді. Әлібайды менің жақсы досым, жұмыс істейтінін айтып, үйімнің бір бөлмесін жалға беруін өтінді. Бөлмем бос тұрғаннан кейін мен келісе кеттім. Орынбасаров бір ғана чемоданмен келіп орналасты. 2 айға алдын ала төлеп қойды. Әлібай ақша төлегенде кисетіне мән бердім, ішінде теңгеліктен көп ақша болды. Ол өзін сыпайы және момын адам қылып көрсетті. Бірақ 4 күн бұрын Әлібай мен Мұқаштың сөйлесіп отырған әңгімелерін естіп қалдым. Екеуі үйде ешкім жоқ деп ойлаған болар дауыстары қатты шығып жатты. Екеуінің бір түрмеде отырғанын түсіндім және Мұқаш дүкен тонауды ұсынып оған Әлібайдың келіспейтінін естіп қалдым. Әлібай Мұқашқа бұл ойыңнан бас тарт, әйтпесе полицияға айтамын деп жөнге салғысы келді. Ал Атанов болса, бізбен бірге тонайсың не өлтіремін деп қорқытты. Осының бәрін естіген соң мен ертесіне Әлібайға ақшасын қайтарып

	<p>беріп, сіңлім Астанадан келетін болды, бөлмені босатасыз ба деп сұпадым. Әлібай басқа жерден пәтер іздейін деп кеткелі әлі келген жоқ. Чемоданы бөлмесінде тұр. Кеше кешке Атановты көшеде кездестіріп қалдым. Сөйлеген сөзі мен мінез-құлқы ерекше болып тұрды. Темекісін шығара бергенде қалтасынан Әлібайдың кисетін көріп қалдым. Мынау Орынбасаровтың кисеті деген сөзіме, Мұқаш кеше картадан ұтылып қалды маған деп мұрнының астынан бір нәрселерді айтып, кете жөнелді.</p> <p>Тергеуші Досоваға Орынбасаровтың мәйіті табылғанын хабарлап оны тани ала ма деп сұрады. Досова Орынбасаровтың ерекше белгілерін атап, тануға қатыса алатынын айтты.</p> <p>Тапсырма: Досовадан жауап алу хаттамасын толтыру мен оны талқылау. Досованың үйіне қарау тергеу әрекетін жүргізу және хаттамасын құрастыру. Қарау барысында: чемодан мен ішіндегі киімдерден өзге заттар табылған жоқ. Орынбасаровты Досоваға тану үшін көрсету, нәтижесін хаттама түрінде толтыру мен талқылау. Досова Орынбасаровты бойы, шашының түсі, көзіндегі ақ таңбасы белгілері бойынша таныды.</p>		
<p>7</p>	<p>Тінту және алу тергеу әрекеттері</p> <p>6-кезең. Дактилоскопиялық сараптама бойынша қол саусақтарының іздері Орынбасаров Әлібайдың және өзге тұлғалардың іздері екендігі анықталды. Оның ішінде Ибраевтың іздері табылмады.</p> <p>Тапсырма: Атанов Мұқашты іздестіру әрекеттерін жүргізу туралы қаулы шығару. Сыртқы бейнесі бойынша іздестіру хабарламасын дайындау</p>		
<p>8</p>	<p>Тергеу эксперименті</p> <p>7-кезең. Сезікті Атановты ұстау. Ұстау кезінде қалтасынан 100000 мың теңге, «ОА» әріптері бар тоқылған кисет табылды. Сезікті ретінде Атановтан жауап алу: жауап алуға дайындық:</p> <p>1. Орынбасаров мәйітінің табылғанын хабарлау және оның осы қылмыс пен</p>	<p>-</p>	<p>-</p>

Ибраевтан ұрлық қылмысы бойынша сезікті ретінде ұсталып жауап алынатынын айту. 2. Атановтың өмір-сүру жағдайы, оқуы, жан-ұя жағдайы, араласатын адамдар шеңбері, соттылығы, қай жерде мерзімін өтегені, кейін немен айналасқанын анықтау. 3. Алматыға не себеп келгені. 4. Жұмысқа неге орналаспаған, қандай қаражатқа өмір сүріп, алкогольді ішімдіктерді ішіп, таныстарымен қыдыруға ақшаны қайдан алған. 5. Алматыда қандай таныстары бар, кездестірді ме. 6. Сіздің Тараз қаласынан танысыңыз Досованы көргеніңізді неге айтпайсыз. 7. Досова Әлібаймен мені таныстырып үйіңе алшы деп сұраған Мұқаш деп көрсетпе берді. 8. Орынбасаров екеуіңіздің қарым-қатынастарыңыз қандай еді. 9. Қандай дүкенді тонауды жоспарладыңыз және кімнің қатысуымен. 10. Рахимованың көрсетпесі бойынша сіз ағаңыз жұмысқа кеткенде достаныстарыңызды шақырып, көршілеріңіздің тынышын алады екенсіз. Рахимова цыган жігітіне ұқсайтын тұлғаны қасыңыздан Орынбасаровтың мәйіті табылған күні таңертең көрген. Ол кім, осы жайында не айта аласыз. 11. Орынбасаров сіздің ағаңыздың үйінде қайдан пайда болды, оны кім өлтірді. 12. Егер сіз қылмысқа қатысты болмасаңыз неге асығып, ешкімге ешнәрсе айтпастан ағаңыздың үйінен кетіп қаласыз. Осы күнге дейін қандай қаражатқа өмір сүрдіңіз. 13. Орынбасаровтың кisetі сіздің қолыңызда қайдан пайда болды. Ішіндегі ақшасы қайда. Ұстау барысында табылған ақшаның шығу көзін айтып берсеңіз. Атановтың көрсетпесі: Тараз қаласында туып, өскенмін. Осыдан 4 жыл бұрын Тараз қаласында төбелес кезінде бір жігіт ауыр жарақаттан қайтыс болады. Сол төбелеске сен қатысып, кісі өлтірдің деген айыппен сотталып Шымкент қаласында жазамды өтеп шықтым. Алматыға ағама арқа сүйеп келдім. Ол жұмыс тауып берем деп уәде беріп еді, орындай алмады, әлде тауып бергісі келмеді. Қалада басқа ешкімді танымаймын. Өз бетімнен жұмыс таба алмадым.

	<p>Орынбасаровты шынымен танымын. Екеуіміз түрмеде бір уақытта отырдық. Алматыда кездесіп қалып едім, тұратын жерім жоқ, сенің пәтерді жалға беретін таныстарын жоқ па деп сұрады. Оны Досовамен таныстырған да менмін. Досованың үйінде бір-ақ рет болдым., Орынбасаровты таныстырып апарған жолы. Дүкенді ұрлау туралы әңгіме болған жоқ. Ескендір ағамның үйінде ішімдік ішіп шулаған емеспін. Орынбасаровтың мәйіті табылған күні мен жалғыз өзім ерте үйден шығып кеткем, көршілердің ешқайсысын көрген де жоқпын, танымаймын да. Орынбасаровтың Ескендір ағамның үйінде қалай, қашан пайда болғанын білмеймін, мүмкін мен кеткеннен кейін келген шығар, сол кезде біреу өлтірген болар, ол жағын білмеймін. Орынбасаровты екінші рет Тараз қаласына кетер алдында кездестірдім. Екеуіміз карта ойнап, Әлібайдың кisetін картадан ұтып алдым. Ақшасы болмай ойынға кisetті қойып, ұтылып қалды. Ағамнан ақша ұрлағаным рас. Күн көріс қаражатым болмаған соң амалсыз осындай әрекет жасауға тура келді. Ешкімді өлтірген жоқпын.</p> <p>Тапсырма: Сезікті Атановтан жауап алу хаттамасын құрастыру. Бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулы шығару.</p>		
9	<p>Көрсетпені оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау</p> <p>8-кезең. Атанов пен көрші-қуә Рахимованың арасында беттестіру жүргізу. Беттестіруге дайындық және жұмыс барысы. Атанов Рахимованың көрсетпелеріне қарсы шығып, алдында берген көрсетпелерін өзгертпейді.</p> <p>Тапсырма: беттестіру хаттамасын құрастыру және оны талқылау</p>	12 Апта	жазбаша 5 балл
10	<p>Тергеу эксперименті</p> <p>9-кезең. Досованың есту мүмкінділігін анықтау мақсатымен тергеу экспериментін жүргізу. Атанов пен Досованың арасында беттестіру жүргізу. Атанов Досованың үйінде бір рет ғана болдым, екінші рет көшеде кездестіргенмін. Кisetті сол уақытта көріп қалды деп өз позициясын өзгертпеді.</p>	-	-

	<p>Тапсырма: тергеу экспериментінің хаттамасын толтыру және талқылау. Беттестіру хаттамасын толтыру және талқылау.</p>		
11	<p>Тінту және алу тергеу әрекеттері 10-кезең. Досоваға Атановты ұстау кезінде табылған Орынбасаровтың кисетін тану үшін көрсетуді жүргізу. Досова Орынбасаровтың кисетін бірден таниды. Оның размері, сарғыш түсі және «ОА» әріптері арқылы белгілерін сипаттап береді. Осы уақытта жедел-ізвестірушілер «Цыган» беттес тұлғаны ұстап оның аса қауыпты рецидивист Бектаев Идрис Шакирович екені анықталды. Ұрлық және тонау істері бойынша үш рет сотталған. Ұсталған Бектаевтың қол саусақтарын дактилоскопияға түсіріп, Ибраевтың үйіндегі шөлмек-бөтелкелердің сыртқы бетіндегі іздермен идентификациялау жүргізіліп, Бектаевтың іздері екені анықталды.</p> <p>Тапсырма: Заттарды тану үшін көрсету хаттамасын құрастыру. Бектаевтың ұсталу фактісіне қарай тергеу жоспарын толықтыру: Бектаевқа сезікті ретінде бұлтартпау шарасын қолдану. Бектаевтан жауап алудың жоспарын ойластыру: 1. Биографиясы жөнінде сұрау; 2. Атанов Мұқашты қайдан таниды, қарым-қатынастары қандай; 3. Танымаймын деген жауабына дактилоскопиялық сараптаманың қорытындысын көрсету; Бектаевтың жауабы: Қаскелен қаласында туып-өскенмін. 6-кластан кейін үйден кетіп қалып ұрлықпен айналыса бастадым. Ұрлық үшін 1 жылға сотталдым, одан шыға сала инкассаторға шабуыл жасан үшін тағы 3 жылға сотталдым. Босап шығып тонау қылмысымен тағы да сотталдым. Лақап атым «ЮГ». Атановты танымаймын. (Дактилоскопиялық сараптама көрсеткеннен кейін) Есіме енді түсті Мұқашпен кинотеатр алдында таныстық. Түрмеде отырғанымызды біле сала, екеуіміз тез арада араласып кеттік. Мұқаш мені кешке қарай үйіне қонаққа шақырды. Үйінде өзге ешкім болған жоқ. Отырып арақ-шараптарымызды асықпай іштік.</p>	-	

	<p>Екеуіміз кездесіп тұратынбыз. (Үшінші – Орынбасаров туралы сұрап, сараптама қорытындысын көрсету нәтижесіндже) Бізбен бірге тағы бір кісі болды. Оны Мұқаш «Батя» деп атады. Мен кешке біраз отырып үйіме қайтып кеттім. (Рахимованың көрсетпесімен таныстырады.) Шынымды айтсам, мен таңертең ерте шықтым. Мұқаш мені көшеге дейін шығарып салды. Орынбасаров пен Мұқаш үйде қалған, кісі өлтіру туралы ешнәрсе білмеймін, оны Мұқаштан сұраңыздар. Жауап алу хаттамасын толтыру.</p>		
<p>12</p>	<p>Жауап алу тергеу әрекеті; Беттестіру 11-кезең. Бектаевты көрші-куә Рахимоваға тану үшін көрсету. Рахимова Бектаевті бірден танып, белгілерін сипаттап берді. Тану үшін көрсету хаттамасын құрастыру және оны талқылау.</p> <p>12-кезең. Атановтан шынайы көрсетпе алу мақсатымен жауап алу. Тергеуші Бектаевтың ұсталып, одан жауап алынғаны туралы Мұқашқа хабарлайды. Яғни, Бектаев Мұқаштың Орынбасаровты өлтіргенін айтып, өзінің қатысы жоқ деп мәлімдеді дейді. Біраз ойланып Атанов көрсетпе береді. Атановтың жауабы: Тараз қаласынан Алматыға келдім. Түрмеде бірге отырған Бектаев Идриспен кинотеарт алдында кездесіп қалдық. Бір кешкі отырысымызда Идрис Тастақ ауданында орналасқан дүкенді тонауды ұсынды. Мен ақшасыз жүргендіктен келісе кеттім, бірақ екеуіміздің қолымыздан келмес тағы бір адамды қосып алайық деп шештік.</p> <p>Орынбасаров есіме түсті, екеуіміз түрмеде бірге отырғанбыз. Әлібайға ұсыныс жасап көріп едім ол келіспеді. Келіспек түгел, егер қылмыс жасаудан бас тартпасаң полицияға барып айтамын деп ескертті. Мен өлтіремін деп қорқыттым, бірақ ойымда ондай ой да болған жоқ, мүмкін Әлібай ойланар деп айтқанмын. Тағы бір-екі рет айтып көрдіп едім, Әлібай қылмысқа қатыспаймын, полицияға айтамын деп қайталады. Өзім көндіре алмаған соң, Әлібаймен Идрис</p>	<p>-</p>	<p>-</p>

	<p>сөйлесіп көрсін деп үйге шақырдым. Ағамның туған күні, сені қонақ болып кетсін деп шақырып жатыр дедім. Ескендір ағамның үйде болмауын жұмыстан шақырып алды, кешірек келеді деп түсіндірдім. Екеулеп Орынбасаровты тонауға келістіре алмадық. Сұрадық та, өтіндік те, қорқыттық та. Әлібай мен Идрис бірнеше рет төбелесіп қала жаздады. Сол жерде отырып Идрис екеуіміз өлтіретін болып шешім қабылдадық. Орынбасаров дәретханаға шығып кеткен сәтте мен жүгіріп барып ас үйден ақ түсті жіпті алып келдім. Әлібай шыға бергенде мойнына жіпті іліп тұншықтырдым. Күшім жетпей жатқанын көрген Идрис маған өлтіруге көмектесті. Бектаевтың шыққанын аңдып Орынбасаровтың қалтасынан ақшасы бар кisetті алдым және ағамның жинап жүрген ақшасын да алып кеттім. Қылмысқа ағамды күдіктенетін шығар деп ойлады. Қашып баспалдақпен жүгіріп түсіп бара жатқанымызды көрші Рахимова көріп қойды. Вокзалға бару қауіпті шығар, бір-екі күн күте тұрайық деп ойлады. Идрис мені Каменкадағы апасының үйіне апарып тастады. 2 күннен кейін қалаға келе жатқан жолымда Досованы кездестіріп қалдым. Бектаев мені Чемолған станциясына апарып Таразға қарай жүретін поездға мінгізіп жіберді.</p> <p>13-кезең. Бектаевтан қосымша жауап алу. Атановтың көрсетпесін Бектаевпен таныстырамыз. Бектаев жасаған қылмыстарын мойындап шынайы көрсетпе береді. Бектаевтан жауап алу хаттамасын толтырамыз. Атанов пен Бектаев арасында беттестіру жүргізу.</p> <p>Тапсырма: жауап алу хаттамасы мен беттестіру хаттамасын толтыру.</p>		
<p>13</p>	<p>Айып тағу 14-кезең. Атанов пен Бектаевқа айып тағу және айыпкер ретінде жауап алу. Тапсырма: Айып тағу туралы қаулы шығару және айыпкер ретінде жауап алу хаттамасын құрастыру.</p>	<p>-</p>	<p>-</p>

14	<p>Айыптау қорытындысы 15-кезең. Атановтың көрсетпесін оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау. Бектаевтың көрсетпесін оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау. Тапсырма: Көрсетпелерді оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау хаттамаларын толтыру. 16-кезең. Атанов пен Бектаевқа қатысты айыптау қорытындысын шығару. Қылмыстық істің материалдарын жинақтап, қорытындылау. Тапсырма: Айыптау қорытындысын талқылау</p>	14 апта	5 бал
----	--	---------	-------

Қорытынды емтихан

Аралық бақылау (7 апта) алдыңғы дәріс және семинар сабақтарында зерделенген теориялық және тәжірибелік сұрақтар бойынша өткізіледі.

Студенттердің білімін бағалау шкаласы:

Бағаның әріптік эквиваленті	Бағаның сандық эквиваленті	% баллдар	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4	95-100	«Өте жақсы»
A-	3,67	90-94	«Өте жақсы»
B+	3,33	85-89	«Жақсы»
B	2,67	80-84	«Жақсы»
B-	2,33	75-79	«Жақсы»
C+	2	70-74	«Қанағаттанарлық»
C	1,67	65-69	«Қанағаттанарлық»
C-	1	60-64	«Қанағаттанарлық»
D+	-	55-59	«Қанағаттанарлық»
D	-	50-54	«Қанағаттанарлық»
F	-	0-49	«Қанағаттанарлық емес»
I	-	-	«Пән аяқталмаған»
W	-	-	«Пәннен бас тарту»
AW	-	-	«Пәннен кетірілген»
AU	-	-	«Пән тыңдалған»
P/NP (Pass/No pass)	-	65-100/0-64	«Есептелді/есептелмеді»

Баға қою саясаты:

Пәнді оқып үйрену өткен тақырыптардың барлығын қамтитын тест, ауызша немесе жазбаша нысанында емтихан қабылдаумен аяқталады. Емтиханға жіберу үшін міндетті шарт бағдарламада қарастырылған барлық тапсырмаларды орындау болып табылады. Дәрістік курстың тақырыптары бойынша жазбаша жұмыстар, СӨЖ шеңберінде қылмыстық құқықтың өзекті проблемалары бойынша сөз жарысы жоспарланған.

Қорытынды баға қою кезінде ағымдағы бақылаудың нәтижелері бойына балдар ескеріледі.

№	Жұмыс түрлері	Баға (мақ балл)	Саны	Соммасы
1	Семинарлық сабақтар	2	15	30
2	СӨЖ	3-2; 4-1; 5-4	5	30
3	Емтихан			40
5	Барлығы			100

Ағымдағы бақылау нәтижелері емтиханға жіберу үшін негіз болып табылады.

Егер студент ағымдағы бақылау нәтижелері бойынша пән бойынша ең жоғарғы балдың жартысынан төмен (60 %) бал жинаса емтиханға жіберілмейді.

Үш СӨЖ дер кезінде тапсырмағандығы үшін АW бағасы қойылады.

Курстың саясаты және процедурасы

Студенттің міндетіне кіреді: сабаққа күнделікті қатысу, пән бойына тапсырмаларды тапсыру кестесінің талаптарын орындау, әдебиеттермен өзіндік жұмыс жүргізу.

Мезгілінде және толық түрде тапсырмаларды орындаған жағдайда әрбір жұмыс үшін ең жоғары балл қойылуы мүмкін. Аяқталмаған жазбаша жұмыстар саналмайды.

Көтермелеу балдары: 3 балл –

- шығармашылығы үшін;
- оқу процесіне белсенді қатысқаны үшін;
- әртүрлі дереккөздерін пайдаланғаны үшін.

Айып балдары: жалпы санынан 3 балл алынады:

- материалдарды уақытында бермегені үшін;
- жұмысты сапасыз орындау;
- сабақты жіберу;
- сабаққа кешігіп келу.

Студенттің жеке қатысуынсыз қорытынды бақылау жүргізілмейді.

Студент міндетті:

- сабаққа қатысуға;
- сабаққа кешікпеуге;
- СӨЖ орындаған кезде топтың жұмысына және дәрістер мен семинарлық сабақтарға белсенді қатысуға;
- орындаушы болуға
- сабаққа жүйелі түрде дайындалуға
- СӨЖ кестесінде көрсетілген мерзімде тапсырмаларды орындауға;
- негізгі және қосыма әдебиеттерді зерделеуге,

- белгілі бір құқықтық мәселелерін шешкен кезде Жедел іздестіру қызметі заңын және өзгеде нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын талдауға және қолдануға;

- шыдамды, сұхбаттасуға ашық болуға;
- қайтарымды байланыс ұстауға;
- ойлау процесінде өз бетішне болуға ұмытылуға;
- мәні бойынша сөйлеуді үйренуге.

Көмек: өзіндік жұмыстарды орындауға байланысты (СӨЖ) кеңестер алу, оларды тапсыру және қорғау, сондай-ақ өткен материал бойынша және курсқа байланысты басқа да сұрақтармен офис-сағаттар көрсетілген мерзімде оқытушыға жолығуларыңызға болады.

Кафедра мәжілісінде қаралған

Хаттама № от «__» _____ 2011ж.

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу
және криминалистика

Лектор: Даубасова С.Ш.